

## Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 11 маусымдағы № 879 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 маусымда № 9265 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне инженерлік желілерді жүргізу мен пайдалану мақсатында келесі объектілер бойынша:

- "Киевская көшесі бойынша газбен жабдықтау желілерін салу" Қостанай қаласы, Киевская көшесі мекенжайында орналасқан, жалпы алаңы 0,6488 гектар жер учаскесіне ;

- "Л. Чайкина көшесі бойынша газбен жабдықтау желілерін салу" Қостанай қаласы, Л. Чайкина көшесі, мекенжайында орналасқан, жалпы алаңы 0,2659 гектар жер учаскесіне;

- "Узкоколейная көшесі бойынша газбен жабдықтау желілерін салу" Қостанай қаласы, Узкоколейная көшесі мекенжайында орналасқан, жалпы алаңы 0,2566 гектар жер учаскесіне;

- "Пикетная, Мостовая, Линейная, Сарыбай көшелері бойынша газбен жабдықтау желілерін салу" Қостанай қаласы, Пикетная, Мостовая, Линейная, Сарыбай көшелері мекенжайында орналасқан, жалпы алаңы 1,1997 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК